

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының докторанты Айтенова Альфия Аманжолқызының 8D02201 – «Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан қоғамының әлеуметтік процестеріндегі / үдерісіндегі «мәдени жаракат» феномені (XX ғасырдың соны – XXI ғасырдың басы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының қолжазбасына

## ПІКІР

Докторант Альфия Айтенованың талқыға ұсынып отырған тақырыбы қоғамның рухани-мәдени, тарихи-әлеуметтік өмірінің барлық саласына катысы бар. Осы тақырып аясында XX ғасырдағы қоғамның ұжымдық күйзелістері ғылым кеңістігінде іргелі ізденіс айданына айналған «мәдени жаракат» концепті арқылы талданған. Отарлаушыны да, отарланушыны да әлеуметтік көзқарас және ғылыми талдау таразысына түсіретін «мәдени жаракат» ұғымының қоғамдық ғылымдағы қалыптасу жолы мен жан-жақты қырларын зерделеп алу қажеттігі анық. Ақиқатына жүгінсек, қауымнан, белгілі бір этнотұастықтан бұрын адам баласының ғұмыр-тіршілігімен астасқан осы ұғымның түсінік көкжиегін, қолдану алаңын, проблемаларын қазіргі күн талаптарымен де бағамдау зәрулігін ұғынамыз.

Ізденушінің диссертациясында «мәдени жаракат» әлеуметтік философия және мәдени зерттеулер тұғырынан кеңейтілген пәнаралық байланыстар негізінде қарастырылып, оның қоғам, мемлекет, халық өміріндегі алар орны пайымдалған. Қазіргі танда ғылымда жан-жақты, өзекті әрі жемісті ізденіс жолы болып табылатын пәнаралық зерттеу дағдысына докторантты итермелеген оның академиялық бэкграунды болып тұр – диссертация авторы мәдениеттанию мен философия мамандығын қатар менгерген. Сол қос ғылыми дискурс алаңында мәдени жаракат мәселесі деколонизациялық ізденістер буымен өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бері зерттеу трендіне айнала бастаганы мәлім. Өйткені аталған білім салаларында жаңа буын мамандарын қалыптастырып шығуда екі режим, екі түрлі таным, әдіснаманың университет аудиторияларында, ғылыми зерттеулерде де үнемі талқыға салынып, сараланғаны анық. Сондыктan ғылымнан өзіндік орын алған осы бір тұжырымдаманы төл тарих пен танымды біріктіре отырып, философиялық денгейде саралтау керектігін түсінеміз. Бұндай ұлттық мәдениет пен дүниетанымға катысты зерттеу еліміздің рухани кемелденуінің қажетті шарттарының бірі екені де сөзсіз. Докторант осы бір тың тақырып аясында ізденіп, мәдени жаракаттың онтологиясына үніліп, қазіргі заманғы шындықпен байланысқан философиясын ғылыми-теориялық түрде зерделеуге шамашарқынша талпының жасаған әрі ол табысты жүзеге асқан.

Әлемдік ғылымда пайымдалу барысында жүрген **мәдени жарақат** концептінің құрылымы мен мазмұнын ұлттық арнада ғылыми-теориялық түрде зерделеу қазақстандық ғылымның әлемдік ой өрісіндегі қағидаттарымен сабактастығын көрсетіп қана қоймай, қазақ қоғамының төлтума дүниетанымын айшықтауда да маңызды екендігі айқын.

«Мәдени жарақаттың» этимологиясын, семантикасын, субстанциал табиғатын зерттеуден бастаған докторант, оның қазақ қоғамындағы көрініс табу ерекшеліктерін нақты тарихи оқиғалар негізінде байыптай келе, «жөнілген мәдениет», «мұқалған рух», «жансебіл рух», «жанданған мәдениет» сынды концептермен кеңейте қарастырып, бүгінге дейін жалғасқан ұлттық діл мен дүниетанымыздың арнасында пайымдаған. Осылайша, ең алдымен әдіснамалық платформадағы айтыс пен тартыстың бітпегендігімен дәйектелетін ізденіс зерттеу концептінің тақырып шенберіндегі әлеуметтік мінберін, ақиқат пен шындыққа, дәлдік пен қисындылыққа, сандық және сапалық қатынастарға қарай проблеманы ашып көрсетуге бағытталған логикалық құрылымымен де құндылықтар жүйесін ұғынуға өз үлесін қосып отыр.

Докторант зерттеудің негізгі түйіндеулерін тұжырымдағанда шетелдік те, қазақстандық та ғалымдардың дәлелді ұстанымдары, салиқалы пікірлері берілген еңбектеріне сүйене отырып, зерттеу жұмысында анықталған мақсат-міндеттерін толыктай негіздел шықкан. «Мәдени жарақат» ұғымына байланысты таным-түсініктер жеке ажыратылып және өзара байланыста философиялық түрде бағамдалып, қазақ халқының рухани-әлеуметтік даму тарихының өн бойындағы күрделі оқиғалардың өрбу диалектикасы деңгейінде сарапталып, ұлттық болмыс пен таным-тіршіліктері, тұрмыстық деңгейдегі ерекшеліктері зерделенген. Концептінің бірқатар өзекті теорияларын талдау негізінде мәдени жарақатты ұлттану философиясының тұтас бөлігі ретінде тани отырып, оның шынайы мағынасы мен мәнін ұғындырудың байыпты философиялық деңгейіне қол жеткізілген. Ұлттық мәдени жарақаттың философиясын ашуда негізгі идеялар терең философиялық тұрғыдан зерделеніп, оның мәдени-әлеуметтік дамуыздың негізгі бағытнамасына сәйкестенетіндігін және парасатты ойтолғам тұрғысынан маңызды түйін екендігін әйгілеу табысты жүзеге асырылған.

Диссертация жұмысының ғылыми-теориялық деңгейі жеткілікті, диссертацияда қойылған мақсат-міндеттер толық іске асырылған. Ізденіс жұмысының өзектілігі мен ғылыми құндылығы жоғары, себебі тың тақырып аясында қомақты нәтижелер мен тұжырымдарға қол жеткізген жұмыс.

Зерттеу жұмысында ізденуші компаративистік талдауды тақырыпты теориялық айшықтау тұрғысында қолданумен қатар, мәдени жарақат сипатын өзге де ұлттық қоғамдардағы нақты көріністерімен салыстыра, талдауды кеңейте алады деп есептеймін.

Пікірімізді түйіндесек, Айтенова Альфия Аманжолқызының «Қазақстан қоғамының әлеуметтік процестеріндегі/үдерісіндегі «мәдени жарақат» феномені (XX ғасырдың соны - XXI ғасырдың басы)» атты диссертация жұмысы докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толықтай жауап береді деп

оң бағалай келе, оны «8D02202-Философия» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады деп білемін.

Ғылыми жетекші,  
профессор, философия  
ғылымдарының докторы

